

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Афанасьев селолық округі әкімінің 2010 жылғы 10 ақпандағы №8 "Шал ақын ауданы Афанасьев селолық округінің елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне атау беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Афанасьев ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 19 қаңтардағы № 3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 21 қаңтарда № 7098 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабына сәйкес, Афанасьев ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Афанасьев селолық округі әкімінің "Шал ақын ауданы Афанасьев селолық округінің елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне атау беру туралы" 2010 жылғы 10 ақпандағы № 8 шешіміне (2010 жылдың 19 наурызында "Парыз", "Новатор" аудандық газеттерінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13-14-97 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің қазақ тілдегі деректемелерінде және бүкіл мәтіні бойынша "селолық", "селосы" сөздері тиісінше "ауылдық", "ауылы" сөздерімен ауыстырылсын;

шешімнің орыс тіліндегі деректемелері мен мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

А. Шаяхметов